

Г.М. Мужигова¹, Э.С. Сейсенбиева^{2*},
П.Т. Әуесбаева³, Н.Д. Қошанова⁴

¹Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

³ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан;

⁴Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

e-mail: nazira_m_86@mail.ru, Elka1975@inbox.ru, ksaryarka@inbox.ru, nagima.koshanova@ayu.edu.kz

Түрік халық ертегілеріндегі «кенже ұл» бейнесінің көркемдік қызметі

Түрік халық ертегілерінде «Кенже ұл» бейнесі ежелден қалыптасқан дәстүрлі көркем образдардың бірі. Халық ертегілері мен аңыздарында кенже ұл кейіпкері сырттай әлсіз, қарапайым, кейде тіпті ақымақ саналғанымен, оқиға желісі барысында ерекше ақылдылығы, тапқырлығы мен қайраты арқылы ертегі соңында жеңіске жетеді. Оның бейнесі халық қиялындағы арман-мұратты, әділет пен ізгілікті жүзеге асыратын символдық тұлға ретінде сипатталады. Мақалада кенже ұлдың көркемдік қызметі бірнеше қырдан танылады. Біріншіден, ол халық дүниетанымындағы ізгілік пен әділеттіліктің символы. Екіншіден, кенже ұл бейнесі әлеуметтік құрылымдағы кенже баланың әулет иесі, шаңырақ мұрагері ретіндегі мәртебесімен астасып жатады. Үшіншіден, мифопоэтикалық тұрғыдан ол «мәңгі жас, құтқарушы батыр» архетипін бейнелейді. Бұл образ арқылы халық «әлсіздің күштіні, әділдің зұлымды жеңуі» идеясын алға тартады. Сонымен қатар кенже ұл халықтың арман-тілегін бейнелеп, қарапайым адамның үлкен биіктерге жетуін көркем түрде көрсетеді. Түрік халық прозасында бұл бейне тәрбиелік қызмет атқарып, ұлттық құндылықтарды — адалдықты, ізгілікті, әділетті насихаттайды. Демек, кенже ұл бейнесі түркі халықтарының прозалық дәстүріндегі маңызды архетиптік образ. Мақалада қазақ фольклорлық прозасын негізге ала отырып, түрік халық ертегілеріндегі кенже ұлдың образына талдау жасалады. Қай халықтың болмасын әдебиеті ауыз әдебиетінен бастау алатынын ескерер болсақ, ертегінің әдебиеттегі орны бөлек. Себебі, ертегінің бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Түрік халқына ортақ әдеби мұралар, біртұтас байырғы ортақ өркениеті мен мәдениеті жатқаны баршамызға мәлім. Ертегілердегі қара шаңырақтың иесі, бір әулеттің ұйтқысы болған кенже баланың орны туралы зерттеулер жүргіземіз. Мақалада түрік халқының ертегілерінде кездесетін кенже ұлдың орны мен дәріптелуі туралы қарастырдық. Жалпы әдебиетте қиял-ғажайып ертегілері жанрлық жағынан біркелкі емес, оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілер, сондай-ақ тұрмыс-салтты авантюралық шығармалар да кездеседі. Зерттеу барысында архетиптік талдау, салыстырмалы-типологиялық әдіс және мәдениеттанулық тәсіл қолданылды. «Кенже ұл» бейнесі түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде кенже баланың шаңырақ иесі, әулет мұрагері ретіндегі әлеуметтік мәртебесімен де тығыз байланысты. Сонымен қатар бұл мотив халық санасында әлсіздің күштіні жеңуі, әділетсіздіктің орнына әділеттің орнауы идеясын жүзеге асырады. Мақалада «Кенже ұл» бейнесі тек әдеби кейіпкер емес, сонымен бірге халықтың рухани болмысын бейнелейтін мәдени-әлеуметтік архетип екендігі дәлелденген.

Кілт сөздер: миф, ертегі, мифология, фольклор, қиял-ғажайып, кенже ұл, батырлық эпос, тұрмыс-салт.

Kipicne

«Ертегілер — жалпы санадан тыс қоғамдарға жататын мәдени элементтерді сақтайтын және уақытқа көнбейтін әдеби жанр. Адамзаттың бұл әңгімеде қорқынышты құбыжықтар, алыптар, ертегі қыздары мен сұлтандар ұсынған шешілмейтін болып көрінетін мәселелермен күресін жалғастыратын мәселе бұл жай ғана бақытты аяқталу емес. Әсіресе балалар сюрреализмге көшудің жолын табады, олар мұндай мәтіндермен өз әлеміне өте жақын деп санайды және олардың жасынан бастап күтпеген жауапкершілікпен ерекше қиындықтар туралы ойлауға мүмкіндігі бар» [1; 254].

Түрік ертегілерінде кенже ұлдың дәріптелуі — мәдени, әлеуметтік және тарихи факторлармен де тығыз байланысты. Бұл құбылысты түсіну үшін ғылыми зерттеулер мен фольклорлық материалдарға сүйене аламыз. Ең алдымен ескерер жайт, кенже ұл — фольклордағы архетип екенін естен шығармағанымыз жөн. Кенже ұл бейнесі көптеген халықтардың, соның ішінде түрік ертегілерінің архетиптік кейіпкері. Карл Юнгтің архетиптер теориясы бойынша кенже ұл — «батыр» бейнесінің

* Хат-хабар үшін автор. e-mail: Elka1975@inbox.ru

көрінісі [2]. Ол көбінесе әлсіз, елеусіз кейіпкер ретінде басталып, өзінің ақылымен, батылдығымен және адалдығымен жеңіске жететіні ежелгі грек мифологиясынан мәлім. Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, кенже ұл образы — әлеуметтік әділеттілік пен қарапайым адамның үлкен жетістікке жету идеясын насихаттайтын көркемдік құрал. Бұл ертегілер қоғамның әділеттілік пен теңдікке деген ұмтылысын бейнелейді.

Мақаланың мақсаты түрік халық ертегілеріндегі «кенже ұл» бейнесінің көркемдік қызметін, құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін және мифопоэтикалық негіздерін анықтау, сондай-ақ бұл образдың халықтық дүниетаным, мұрагерлік дәстүр және әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесіндегі орнын айқындау.

Мақаланы зерттеу барысында «кенже ұл» бейнесінің сюжеттік даму жүйесіндегі рөлі, архетиптік сипаты, кейіпкер эволюциясы және батырлық, даналық, әділеттілік идеяларымен байланысы кешенді түрде талданады.

Зерттеу нысаны — түрік халық ертегілеріндегі «кенже ұл» бейнесі және оның көркемдік-идеялық қызметі. Түрік халық ертегілеріндегі кенже ұл туралы ертегілік мәтіндер зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Бұл мәтіндерде кенже ұлдың қаһармандық, даналық, әділеттілік, мұрагерлік, сыннан өту, ағаларымен тартыс секілді сюжеттердегі орны сарапталады.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу барысында қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріне ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізе отырып, іргелі ғылыми зерттеулерді атап айтар болсақ, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Қасқабасов, Б. Әбілқасымов, К. Матыжанов, орыс ғалымдары М. Горький, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, батыс ғалымдары А. Аарне, А. Андреев, Е.М. Мелетинский, В.Я. Пропп, К. Юнг және т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Сондай-ақ ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін герменевтикалық, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талдау

Халық ертегісі — өте алуан түрлі құбылыс. Ол ұлттық және халықаралық, ежелгі және жаңа, ұжымдық және жеке, дәстүрлі және импровизациялық шығармашылық принциптерді біріктіреді. Фольклортанудың бір саласы ретінде ертегі ғылымы жүз жылдан астам уақыт бойы өмір сүргеніне қарамастан, ғылыми әдебиеттерде ертегінің барлық алуан түрлілігін қамтуға қабілетті ертегінің жан-жақты анықтамасы әлі жоқ көркем әдебиет, ертегі сюжеттері ауызша ертегінің ауызша-сөйлеу құрылымы [3; 3].

Түрік тіліндегі ертегілерде кенже ұлдың бейнесі ерекше сипатқа ие. Ол жиі жомарттық, батылдық, адалдық, алға қойған мақсатын орындауға деген сенімділікпен сипатталады. Алайда кенже ұлдың бейнесі әр түрлі тұрғыда көрінеді. Мәселен, қазақ, қырғыз, өзбек және басқа да түркі халықтарының ертегілерінде кенже ұл әдетте үй ішінің ең соңғы мүшесі болып, ата-анасы мен ағаларынан көмек күтпей, қиындықтармен өз күш-қайраты арқылы күреседі. Түрік халықтарының ертегілерінде кенже ұл тек физикалық күш-жігермен ғана емес, сонымен қатар ақыл-ойымен, әділдігімен де ерекшеленеді. Түрік ертегілерінде кенже ұлдың кішілігі мен қарапайымдылығы оны ұлы тұлғаға айналдыратын күшке ие етеді әрі ол батыр ретінде өз халқының алдында үлкен құрметке ие болады.

Осылайша, кенже ұлдың бейнесі — қиындықтарды жеңе білетін, ақыл мен батылдықты үйлестіре алатын, сонымен қатар адалдық пен шыншылдыққа негізделген керемет тұлға ретінде танылған. Бұл түркі халқының ерлік, адамгершілік және адалдық сияқты құндылықтарды дәріптейтіндігін көрсетеді. Кенже ұл образы әрбір адамның өзінің ішкі мүмкіндіктеріне сенуі керектігін және батылдық пен төзімділік арқылы кез келген қиындықты жеңуге болатынын айғақтайды.

«Ертегілер — бұл ұжымдық бейсаналықтың психикалық процестерінің тікелей көрінісі, олардың ғылыми зерттеулер үшін маңызы кез келген басқа материалға қарағанда жоғары. Ертегілерде архетиптер қарапайым, таза түрде пайда болады, соның арқасында архетиптік бейнелер бізге ұжымдық психикада болып жатқан процестерді түсінудің кілтін береді. Мифтерде, аңыздарда немесе кез келген басқа дамыған мифологиялық материалдарда біз құрылымдарды және адам психикасының негіздерін (модельдері), олардың мәдени қабаттары арқылы түсінеміз» [4; 19].

Түрік халқындағы кенже ұлдың бейнесі «Үш ағайынды туралы ертегі» («Сказка о трех братьях»), «Зерек ағайындылар туралы ертегі» («Сказка о смешленных братьях»), «Гюнер мен Инджи туралы ертегі» («Сказка о Гюнер и Инджи»), «Әсемдердің әсемі туралы ертегі» («Сказка о красавице из красавиц»), «Нәрінже ханым туралы ертегі» («Сказка о Нариндже-ханым»), «Бармақтай бала туралы ертегі» («Сказка о мальчике с пальчик»), «Қырық қарақшы туралы ертегі» («Сказка о сорока разбойниках»), «Сиқырлы тауық туралы ертегі» («Сказка о волшебной курице»), «Алтын ешкі туралы ертегі» («Сказка о золотой козе»), «Тұз туралы ертегі» («Сказка о соли») атты ертегілерде көрініс табады [5]. Енді осы жоғарыдағы түрік ертегілеріне кеңірек тоқталып, мұнда кенже ұл қалай бейнеленгеніне үңілейік.

Г. Шахажанова «С. Қасқабасов — фольклортанушы ғалым» атты PhD диссертациясында [6; 108] С. Неклюдовтың еңбегіндегі батырлық эпос туралы айтылған анықтамаға сүйенген: «Батырлық эпос мифологиялық және квазитарихтағы өзгеше жағдайлар мен оқиғаларды суреттейтін ауызша және кітаби сөз өнерінің үлгісі деп те анықтама береді» [7].

Ал, академик фольклортанушы-ғалым С. Қасқабасов қазақ ертегілерінің тарихын зерттеу еңбектерінде [8–9] әлемдік фольклортанудағы, сонымен бірге 1920-жылдардан басталып, 1960-жылдардың соңына дейінгі басты ұстаным болған В.Я. Пропптың тарихи-салыстырмалы әдісін ерекше атап өтеді [10].

Енді түрік ертегілеріне талдау жасап өтсек. Алдымен «Үш ағайынды туралы ертегідегі» басты кейіпкер — жұрттың мазағына жиі ұшырайтын, «ақымақтау» саналатын Кая. Орманға ағаш шабуға кеткен үлкен ағалары бірінен соң бірі жарақатпен оралғаннан кейін Кая жұрттың мазағына қарамастан ағаш әкелуге өзі аттанады. Бұл жерде кейіпкердің қарапайымдылығы, батылдығы көрінеді [5; 26].

Ертегідегі маңызды бейне — тылсым күшке ие қария. Ол кейіпкерлерді сынау мақсатында қосылған образға ұқсайды. Үлкен ағалары қарияға құрмет көрсетпей, аналары салып берген ет қосылған нан мен айранды өздері ғана жеп алады. Алдарына келіп қол жайып, көмекке мұқтаж болған жанның бетін қайтарғаны үшін де Каяның ағалары жазаланады. Дорбасындағы асын қариямен бөлісуді қаламаған өзімшіл ағаларынан гөрі құрғақ нан мен қара суды қартқа ықыласпен ұсынған Кая бейнесі әлдеқайда биік. Баланың жүрегінің мөлдірлігін байқаған қария оған бір ағашты көрсетіп, оны кесуін сұрайды. Ағаш тамырының астынан шыққан алтын қанатты қазды Кая өзімен бірге алып жолға шығады. Қас қарайғандықтан бірінші кездескен үйге түнейді. Сол үй қожайыны мен оның қыздарының қолы көрсеқызарлығы салдарынан қаз қанаттарына жабысып, ажыратылмай қалады. Бұған мән бермеген Кая өз жолын жалғастыра береді. Бұл көрініске куә болған падишаның мұңды қызы күліп жібереді. Бұрын-соңды қыз жүзіне күлкі үйірілмегендіктен әкесі оны Каямен қосады. Осылайша, өзінің ақкөңілдігі, жүрегінің тазалығы, мейірімділігі, тілалғыштығы арқасында кенже ұл бақыт пен байлыққа кенеледі. Юнгтік талдау тұрғысынан «қасиетті ақымақ» архетипінің белгілері: қоғам тарапынан кем бағалану, сырттай аңғалдық, ішкі интуитивтік даналық, әлеуметтік нормалардан тыс әрекет, күтпеген жеңіс. Осы тұрғыда К. Юнгтің талдауына сүйенсек Кая ертегі басында: ағалары тарапынан менсінілмейді, тәжірибесіз, әлсіз көрінеді, бірақ жүрегі таза, мейірімді, табиғатпен, ғажайып күштермен үйлесім табады. Ертегіде Кая «қасиетті ақымақ» архетипіне өте жақын. Бұл тип фольклорда жиі кездеседі және кейінгі батырлық эволюцияның бастапқы сатысы.

«Зерек ағайындылар туралы ертегіде» ағайындылар бір мақсат жолында күн кешіп, түрлі қиындықтарды бірге еңсертін тату бауырлар түрінде көрініс табады. Мұнда інісіне қастандық ойлайтын немесе өзінен басқаға мән бермейтін тәкаппар, ашкөз ағалар образы жоқ. Қайта әкесінің өсиетіне қиянат жасамай, бірге әрекет ететін ағайындылар басты назарымызға ие. Адамгершілік тұрғыда да кенже ұл ағаларынан айрықшаланбайды [5; 47].

Ертегінің желісі бойынша әкелерінен қалған жалғыз байлығы — есекті бір ұры қолды қылады. Есектерін іздеп жолға шыққан бауырлар ұрының кім екенін сезе қояды. Үлкен ағасы ұрының таз екенін хабарласа, ортаншы бала оны жолы қысқа екендігін баяндайды. Кенже ұл болса, оның атын дөп табады. Ағайындылар ұры Мұсаны жолықтырғаннан кейін биге жүгінеді. Өз байқампаздықтары арқылы бидің екі сынағынан да өтіп, өз сөздерінің туралығын дәлелдейді. Қызығы, үлкен ағалары тұспалдап інісіне жол сілтейді. Соңғы әрі тура шешімді үнемі кенже ұл айтып отырады. Мұны кенже ұлдың жасырылған айва жемісі мен араны дөп тапқандығынан аңғарамыз. Бауырлар тіпті бидің шыққан тегін де сезіп қояды. Осы тұрғыдан келгенде, ертегі қазақ арасында кеңінен таралған «Аяз би» ертегісін еске түсіреді. «Аяз биде» Жаман есімді кейіпкер ханның туған әкесі туралы шындықты ашып берсе, «Зерек ағайындылар туралы ертегіде» кенже ұл шындықты биге жеткізеді. Үш ағайынды

тұлғасы ертегіде байқағыш, дана әрі ақылды кейіпкер ретінде ашылады. Әсіресе, кенже ұл бейнесі жақсырақ ашылған. «Әсемдердің әсемі туралы ертегі» мүшкіл хал үстінде жатқан падишаның үш ұлын шақырып алып, олардың әкесінен нені қалайтынын сұраудан басталады. Үлкен ұлы әкесінің бар мүлкін сұрайды. Ортаншы ұлы ақшаны таңдайды. Ал кенже ұлы әкесіне ақылды болғысы келетінін, ақша және мал-мүлікпен аңсаған мұратына жете алмайтынын хабарлайды. Кенжесінің тапқырлығына ырза болған әкесі ұлынан Көседаи есімді ғұламадан тәлім алуын сұрайды [5; 60].

Сол өңірде сұлулардың сұлуы деп танылған қызға көптеген падишалар, шахзадалар, саудагерлер ғашық болады. Кенже ұлдың ағалары да қыздың назарын өздеріне аудару үшін әкесі аманат етіп қалдырған бар мал-мүлкінен айырылады. Алайда қайсар әрі тапқыр кенже бала өз ұстазы Көседаимен бірге түйіннің шешімін тауып, қыз сарайына кіреді.

Басты кейіпкерлердің мақсатына жетіп, бақытқа кенелуімен аяқталатын аталмыш ертегідегі кенже ұл бейнесі үлкендерді сыйлайтын, айтқан тілді алатын, тапқыр әрі батыл кейіпкер ретінде бейнеленген. Сұлу қыздың інілерімен қосылғанын естіген үлкен ағаларының жүрегін қызғаныш оты шарпып, қастандық ұйымдастырғысы келеді. Ал мұндай қызғаныш деген сезімнен ертегінің басты кейіпкері алшақ дей аламыз. Бұны әкесінің өлімінен кейін ағалары байлыққа қол жеткізген тұста кенже ұлдың қызғанышқа салынбай, қалыпты жағдай ретінде қарастыратынынан байқаймыз.

«Бармақтай бала туралы ертегінің» бас кейіпкері — жеті баланың кенжесі саналатын Бармақтай бала. Жасының кіші екеніне қарамастан, тапқыр әрі айлакер бала өзін де, ағаларын да, әке-шешесін де қиындық пен кедейлік атаулыдан құтқарады [1; 173].

Әкесі балаларын орманға қалдырып кеткенде кенже ұлдың ағалары жылай бастайды. Ал Бармақтай бала алдын-ала қалтасына салып дайындаған тастарын жүріп өткен жолы бойына тастап отырады. Осылайша, үйлерін табу балаларға қиындық тудырмайды. Келесіде де ата-анасы жоқтықтан балаларын тағы да жапан түзге апарып тастайды. Бұл жолы үйдің есігі жабық болғандықтан, кенже бала тастарды ала алмайды. Есесіне, жол бойына анасы берген нанның қиқымын тастап отырады. Нан қиқымын құстар шоқып кеткенде де, бала қолын бір сілтемейді. Биік ағаш төбесіне шығып, айналаны қарай бастайды. Оттың жарығы арқылы бір үйді алыстан көзі шалып, ағаларын сонда алып барады. Алайда бұл үй дәттің (түрік мифологиясындағы зұлым рухтар) үйі болатын. Амалын тапқыш бала одан да аман-есен сытылып, әке-шешесімен қайта қауышады. Осы әрекеттері арқылы кенже ұлдың тапқыр, қайсар және қамқор екендігін, қиындыққа еш мойымайтындығын байқаймыз.

«Қырық қарақшы туралы ертегі» бірі бай, бірі жарлы екі ағайындының оқиғасын баян етеді. Ағайындылардың кішісі — Али-баба адал еңбекпен өз күнін көріп жүрген қарапайым саудагер. Басты кейіпкеріміз орманға барып ағаш шауып, оны сатып отбасын асырайды. Оқиға желісі бойынша күндердің бір күнінде Али-баба қызықты оқиғаның куәгері болады. Ол қырық қарақшының байлығы жасырынған жерді аңдаусызда көріп қояды. Осылайша, ағайындылардың кенжесі есегі көтере алатындай ғана алтын алып, кері қайтып отбасын қуантады [5; 195].

Кейін бұл туралы бай болса да көзі тоймайтын, ашкөз, арам Қасым (Али-бабаның ағасы) біліп қояды. Ол да сыбағасын алады — қарақшылар қолынан өлім құшады. Бұл жердегі алтын толы үңгір де маңызды рөл ойнайды. Оқырманға бұл үңгірден қырық қарақшыдан басқа жаны таза, ниеті дұрыс адам ғана өтеді алады деген ой келеді. Кішіпейілділігі, қарапайымдылығы, жанының тазалығы арқасында Али-баба осылайша бақытқа кенеледі. «Алтын ешкі туралы ертегінің» желісі бойынша бір падиша ай десе аузы, күн десе көзі бар, айрықша сұлу қызына лайық күйеу жігіт іздестіреді. Қыздың күтушісі оны жерасты сарайына жасырып, қызды тапқан жігітке ғана қосатынын хабарлайды. Келесі бір патшалықтағы падишаның үш ұлы бұл хабарды естіп, әкесінен рұқсат алып, кезек-кезек жолға аттанады. Бірінші ағасы берілген үш күн ішінде қызды таппайды. Сөйтіп басынан айырылады. Екінші ағасы да дәл сол күйге тап болады. Екі ұлынан көз жазған падиша үшінші ұлын сарайға жібергісі келмейді [5; 231].

Айтқанынан қайтпайтын кенже ұл ақылдырақ болып шығады. Ол ағалары сияқты бірден патша сарайына барып, іздеуге кіріспейді. Кенже бала, алдымен, шеберге алтыннан ешкі құйдырады да, өзі сол ешкінің ішіне кіріп жасырынады. Келісім бойынша шебер бұл алтын мүсінді хан қызына сый ретінде сарайға алып барады. Осылайша, ақылдылығы және айлакерлігімен жігіт қыздың жасырынған жерін оңайлықпен табады. Бірақ мүсіннің ішінде жатып қарны ашқандықтан, кенже ұл күнде кешке қызға әкелінген тамақты жеп жүреді. Бір күні сезіктенген қыз оқиға мәнісін білу үшін бөлмесінде ұрыны аңдып отырады. Шахзада мен падишаның қызы бірін-бірі көріп, ғашық болады. Амалын тауып, шахзада шебердің көмегімен сарай сыртына шығып, патша алдына келіп, қызын

табуға мүмкіндік беруін сұрайды. Ертегі жігіт пен қыздың мұратына жетуімен және қаншама ананың баласынан айырылуына себеп болған күтушінің басы алынуымен аяқталады.

«Ертегілерде бала көбінесе жақсы, әділ, адал, тапқыр, қайсар әрі батыл кейіпкер ретінде көрсетіледі. Бұл қасиеттер балаға үлкендер әлеміндегі қиындықтарды жеңуге, қорқыныш пен күдікке қарамастан өз мақсатына жетуге мүмкіндік береді» [11; 100].

«Тұз туралы ертегі» падиша мен оның ұлдарын суреттеуден басталады. Падиша үш ұлынан өзін қаншалықты жақсы көретінін сұрайды. Бірінші ұлы алтын, алмаз сынды құнды тастарды қалай жақсы көрсе, патшаны да солай жақсы көретінін айтады. Екінші ұлы әкесіне деген махаббатын тәттіге махаббаты арқылы түсіндіреді. Ал кенже ұлы тұзды қалай жақсы көрсе, әкесін де соншалықты жақсы көретінін хабарлайды. Мұндай жауап әкесіне ұнамағандықтан падиша жөндеттерге өз ұлын өлтіруге бұйырады. Дегенмен балаға жаны ашыған жөндеттер оны босатып жібереді. Тағдырдың қалауымен кенже бала басқа патшалықтың ханы атанады. Бұл жерде халықтың падиша сайлауда жүгінер құсы тағдыр қалауы ретінде көрініс тапқан. Құс үш рет те баланың басына қонады. Бағы жанған бала бірден халқының жүрегін жаулап, елін көркейтеді. Әкесін де патшалықтың қонағы ретінде шақырып, тамағына тұз қоспауға бұйырады. Ақырында, өз қателігін мойындаған падиша ұлымен қайта қауышып, бақытты да баянды өмір кешеді. Ертегіде кенже ұл ақылды, тапқыр әрі жолы болғыш образ ретінде бедерленген [5; 236].

«Гюнер мен Инджи туралы ертегідегі» кенже ұл эпизодтық кейіпкер ретінде екінші орынға ығысады десек болады. Гюнер мен Инджи есімді әпкелі-сіңлілердің табысып, мұратына жетуіне кенже ұлдың көмегі тиген. Мұнда кенже ұл байқампаз әрі мейірімді [5; 51].

«Нәрінже ханым туралы ертегіде» дәвтардың ішіндегі сезімталы әрі кенжесі Нәрінже ханымға көмектесуші образға ие. Түрік мифологиясындағы дәвтар — зұлым рухтар, бірнеше бастары бар алыптар, кейде циклоптар. Әдетте адамдарға дұшпандық танытады, бірақ сиқырдың көмегімен оларды адамға көмектесуге мәжбүр етуге болады. Ертегіде дәвтар Нәрінже ханымға зұлым өгей шешесі мен мыстаннан жасырынуына ерікті түрде көмектеседі. Ертегідегі кенже бейнесі осы тұрғыдан ғана ашылған [5; 76].

«Сиқырлы тауық туралы ертегіде» де кенже ұл — эпизодтық кейіпкер. Ол басты кейіпкер — ортаншы баланың мақсат-мұратына жетуіне көмектесуші, ықпал етуші кейіпкер ретінде ғана көрініс тапқан. Мұнда кездесетін мифологиялық құбылушылық ертегі көркемдігін арттырып тұр [5; 208].

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, кенже бала образы — әлеуметтік әділеттілік пен қарапайым адамның үлкен жетістікке жету идеясын насихаттайтын көркемдік құрал. Бұл ертегілер қоғамның әділеттілік пен теңдікке деген ұмтылысын бейнелейді. «Халық ертегілері балалардың тілдік дамуы мен сөздік қорын олар қолданатын тіл мен ұғымдар арқылы қолдайтын және байытатын ежелден келе жатқан білім беру құралы ретінде қызмет етеді. Әмбебап және ұлттық ертегілер білім беру, қиял мен сыни ойлауды ынталандыру, көңіл көтеру, құрдастарымен және қоршаған ортамен салауатты қарым-қатынасты дамыту және балаларды болашақ қиындықтарға дайындау үшін қолданылады» [12; 94].

Жоғарыдағы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түрік халықтарының ертегілеріндегі «кенже ұл» бейнесі ортақ архетиптік сипатқа ие бола отырып, әр халықтың дүниетанымдық және мәдени ерекшеліктеріне сай әртүрлі көркемдік қызмет атқарады. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, әзербайжан және түрік халықтарының ертегілерін салыстыра талдау барысында бұл бейне «қарапайымнан — кемелге», «әлсізден — қуаттыға» дейінгі рухани өсу жолын бейнелейтін универсалды образ ретінде айқындалды [13; 3].

Көптеген сюжеттерде кенже ұлдың бейнесі әлеуметтік әділеттілікті, ізгілік пен шыншылдықты қорғаушы қаһарман ретінде көрінеді. Мәселен, қазақ ертегілеріндегі «Кенже бала», «Үш ағайынды», «Ер Төстік» сияқты үлгілерде кенже ұл ақылдылығымен, адалдығымен және табандылығымен ерекшеленеді [14]. Қырғыздың «Кенже бала», «Үч бир тууган» ертегілерінде де дәл осы сипат байқалады. Бұл ұқсастықтар түрік халықтарының ортақ мифопоэтикалық түбірінен хабар береді [15].

«Қазақ ертегілеріндегі жақсылық пен жамандық туралы көзқарастардың әлемнің тілдік бейнесі ретінде сипатталуының мәнін де түсінуге толық негіз бар» [16; 9]. Қазақ ертегілеріндегі жақсылық пен жамандық туралы түсініктер жай ғана мораль емес, олар қазақ халқының әлемді қалай түсінетінін, қандай құндылықтарды жоғары қоятынын көрсететін **тілдік және рухани бейне** ретінде суреттеледі. Бұл тұрғыда ертегілердегі кенже бала образы жақсылықтың бейнесі ретінде бейнеленеді. **Қазақ ертегілерінде жақсылық пен жамандықтың бейнеленуі** — осы дүниетанымның көрінісі іспеттес. Ертегілерде жақсы кейіпкерлер батырлар, адал адамдар, еңбекқорлар, көбінесе бұл кенже

балалар. Олар әрқашан әділдік пен ізгілікті қорғайды, ал жаман кейіпкерлер зұлымдар, жалқаулар, өтірікшілер жеңіліс табады.

Түрік халық ертегілеріндегі кенже ұлдың бейнесі көбіне отбасындағы әлеуметтік иерархияны бұзушы, яғни «қоғамдық қалыпқа қарсы тұрған» кейіпкер рөлін де сомдайды. Ол ағаларының көлеңкесінде қалғанымен, ертегінің оқиғасы барысында әділдік пен батылдықтың символына айналады. Мұндай көрініс халықтың «ең кішіден үміт күту», «жақсылықтың қарапайымнан шығуы» деген дүниетанымдық қағидасымен астасады.

Фольклортанушы-ғалым П.Т. Әуесбаева «Қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрылымы» атты мақаласында «Қиял-ғажайып ертегілердің композициялық ерекшелігі кейіпкерлердің өмір сүретін, әрекет ететін әлемі шынайы өмір мен мифтік ұғымдағы «өмірдікі және өзгенікі» түсінігінен тұрады. Өзге әлем: түпсіз мұхит, ұшы-қиыры жоқ дала, отты таулар т.б. түрінде сипатталады» [17; 251], – деп жазады. Жоғарыдағы салыстырмалы талдау көрсеткендей, түрікмен және өзбек ертегілерінде кенже ұл бейнесі көбіне сынақтан өтіп, рухани кемелдікке жететін тұлға ретінде көрінеді. Ал түрік және әзербайжан ертегілерінде бұл образ кейде саяси немесе әлеуметтік мағынада да көрініс табады — яғни билікке қарапайым халық өкілі келуінің символы ретінде бейнеленеді [18]. Бұл ерекшелік түрік халықтарының тарихи-әлеуметтік дамуы мен идеалдық қағидаларының көрінісі.

М.М. Бахтин: «В фольклоре первобытных народов рядом с срьезными (по организации и тону) культами существовали и смеховые культы, высмеивавшие и срамословившие божество («ритуальный смех»), рядом с серьезными мифами — мифы смеховые и бранные, рядом с героями — их пародийные двойники-дублеры» [19; 10]. Алғашқы қауымдық қоғамдар мен көне халықтардың мәдениетінде тек **қасиетті, салтанатты, байыпты культтер** ғана емес, сонымен қатар **күлкі культтері**, яғни «**ритуалды күлкі**» дәстүрі де қатар өмір сүрген. Мұндай күлкі культтері тіпті құдайларды әжуа ету, мысқылдау немесе «срамословие» арқылы киелі нәрселерді пародиялауға дейін барған. Бұл күлкі — жай әзілі емес, **дүниетанымдық мағынасы бар мәдени құбылыс**. Ғалым М. Бахтиннің ойынша, ертегідегі бұл құбылыс адамның өмір мен өлімді, қасиетті мен күнделікті өмірді, жоғары мен төменді қатар түсінуге деген талпынысынан туындаған. Яғни күлкі арқылы адам өмірдің екінші, еркін, шектеусіз бетін таныған. Ертегілерде кенже бала басында күлкілі, әлжауаз обrazyнда суреттелген.

«Фольклор дәстүрлі халық мәдениетінің үлгілік жүйесі ретінде осы мәдениетті жеткізушінің әлеуметтік тәжірибесін, психикалық көзқарасын, рухани құндылықтарын фольклорлық концепция аясында бейнелейді» [20; 13]. Фольклор тек ауыз әдебиетінің жиынтығы ғана емес, ол **халықтың өмір сүру тәжірибесін, дүниетанымын, рухани әлемін сақтап, жеткізетін мәдени жүйе**.

Барлық қарастырылған нұсқаларда кенже ұл бейнесі халықтың арман-аңсарын, ізгілік пен адалдық идеалдарын бейнелеу арқылы тәрбиелік қызмет атқарады. Көркемдік тұрғыдан бұл образ ертегінің идеялық өзегін ұстап тұрған негізгі кейіпкердің символдық тұлғасына айналады.

Осылайша зерттеу нәтижелері кенже ұл бейнесінің тек оқиғалық құрылымдағы персонаж емес, тұтас түркілік дүниетаным мен моральдық құндылықтардың көркем көрінісі екенін дәлелдейді [8].

Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде «кенже ұл», «кенже бала», «тұңғыш», «тұңғыш бала», «жалғыз бала» сияқты отбасылық-әлеуметтік типтердің әрқайсысы өзіндік көркемдік және семантикалық қызмет атқарады. Әсіресе «кенже ұл» бейнесі халық дүниетанымында ерекше орынға ие болғанымен, өзге де бала типтерінің (тұңғыш, жалғыз бала) қызметін салыстыра қарастыру мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мәселен, тұңғыш бала көбіне әке жолын жалғастырушы, әулеттің тірегі, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде бейнеленсе, кенже ұл — көбіне бастапқыда әлсіз, тәжірибесіз көрінгенімен, ақылдылығы мен тапқырлығы арқылы оқиға шешімін табатын кейіпкер. Ал жалғыз бала бейнесі көбіне ерекше қорғалған, кей жағдайда тағдырдың сынағына жалғыз қарсы тұратын тұлға ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, аталған образдарды салыстыра талдау түркі халықтарының отбасылық құрылымы мен дүниетанымдық ерекшеліктерін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Аталған мәселе бір мақаланың ауқымына толық сыймайтын болғандықтан, кең көлемдегі ғылыми зерттеуде бұл типологиялық жүйені қысқаша болса да саралап өту, одан кейін негізгі нысан «кенже ұл» бейнесіне көшу зерттеудің теориялық негізін күшейтеді.

Мақалада талданған ертегілердің жанрлық сипатын нақтылау да маңызды ғылыми талаптардың бірі. Түрік халық ертегілері мазмұны мен құрылымына қарай қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық, сатиралық және хайуанаттар жайындағы ертегілер болып бөлінеді. Әр жанрда «кенже ұл» бейнесінің көркемдік қызметі әртүрлі қырынан көрінеді.

Мысалы қиял-ғажайып ертегілерде кенже ұл сиқырлы көмекшілердің жәрдемімен мақсатқа жететін кейіпкер болса, батырлық ертегілерде ол ерлік пен батылдықтың иесі ретінде танылады. Ал новеллалық ертегілерде оның тапқырлығы мен ақылдылығы алдыңғы қатарға шығады. Сатиралық ертегілерде кенже ұл әлеуметтік әділетсіздікті әшкерелеуші бейне ретінде көрініс табады.

Сондықтан мақалада әрбір талданған ертегінің нақты қай жанрға жататынын көрсетіп отыру ғылыми талдаудың нақтылығын арттырып, «кенже ұл» бейнесінің көркемдік қызметін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы қарастырылған ертегілердегі кенже бала бейнесі архетиптік тұрғыдан әрқилы көрінгенімен, барлығында инициациялық даму моделі сақталады. «Үш ағайынды туралы ертегіде» кенже ұл бастапқыда «қасиетті ақымақ» архетипіне жақын болып көрінгенімен, сюжеттік даму барысында «Батыр» архетипіне трансформацияланады. «Зерек ағайындылар туралы ертегіде» кенже бала ақыл-тапқырлығы арқылы ерекшеленіп, батырлықтың интеллектуалдық моделін танытады. «Гюнер мен Инджи туралы ертегіде» ол махаббат жолындағы сынақтар арқылы рухани кемелденген қаһарман ретінде көрінеді. «Әсемдердің әсемі» мен «Нәрінже ханым» туралы ертегілерде кенже бала зұлымдықты жеңіп, әділетті билікке қол жеткізетін классикалық батыр архетипін бейнелейді. Осылайша түркі ертегілеріндегі кенже кейіпкер әлсіздіктен кемелдікке өтетін рухани-қаһармандық эволюцияның көркемдік моделін құрайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ертегінің ең маңызды тұсы — оның ішіндегі біздің дүниетанымымыз. Бұл дүниетаным көбінесе жұмбақ күйде қалады да, өз құпиясын ашпай жатады. Әр ертегі өткен заманның сырларын жеткізеді. Құрылымы қиялға жақын болғанымен, оның астарында біздің түсінігімізден тыс қалған, көзіміз жетпейтін заманның шындығы бар. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түрік халық ертегілеріндегі «кенже ұл» бейнесі халық ауыз әдебиеті мұрасындағы тұрақты әрі архетиптік сипатқа ие көркем образ. Ол ертегілік құрылымда сюжеттік дамудың негізгі қозғаушы күші ретінде көрініп, әртүрлі сынақтар арқылы әлсіздіктен кемелдікке өтетін қаһармандық эволюция моделін жүзеге асырады. Кенже ұл бейнесі халық дүниетанымындағы әділет, ізгілік, адалдық идеяларын көркемдік тұрғыдан жинақтап, «әлсіздің күштіні жеңуі» секілді этикалық қағиданы бекітеді.

Сонымен қатар бұл образ түркі дәстүрлі мәдениетіндегі кенже баланың шаңырақ иесі, әулет мұрагері ретіндегі әлеуметтік мәртебесімен тығыз сабақтасып, фольклорлық мәтінде мәдени-әлеуметтік код қызметін атқарады. Архетиптік талдау кенже ұлдың «қасиетті ақымақ», «батыр», «құтқарушы жас қаһарман» секілді әмбебап модельдермен астасатынын дәлелдейді. Демек «кенже ұл» бейнесі тек ертегілік кейіпкер ғана емес, халықтың рухани-этикалық мұратын танытатын мәдени архетип ретінде түрік халық прозасының көркемдік жүйесінде маңызды орын алады.

Түйіндей келе айтарымыз, түрік халқының ертегілеріндегі кенже ұл образы — халықтың рухани мұрасын, ұрпақ сабақтастығын, отбасы құндылықтарын дәріптеу және солардың мәңгілік маңызын ұғындыруда үлкен рөл атқарады. Кенже ұлдың қасиеттілігі мен оның өз орнын табуы, барлық ұрпақтың мықты, біртұтас болуын қамтитын ұлы идеяны айшықтайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Өзтүрк А. Кипр түрік және ұйғыр түріктерінің ертегілерін салыстыру / А. Өзтүрк, А. Айгүл // Түрік халықтану зерттеулері журналы. — 2020. — № 1. — 130-б.
- 2 Юнг К.Г. Архетипы и коллективное бессознательное / К.Г. Юнг; пер. А. Чечина. — М.: Канон+, 2020. — 150 с.
- 3 Бараг Л.Г. Сравнительный указатель сюжетов: Восточнославянская сказка / Л.Г. Бараг, И.П. Березовский, К.П. Кабашников, Н.В. Новиков. — Л.: Наука, 1979. — 437 с.
- 4 Balabekova K. Concepts in folktales — Manifestations of embodied worldviews / K. Balabekova, Zh. Otarbekova, G. Shoibekova, S. Orazbay, R. Ermers // XLinguae. — 2022. — Vol. 15, No. 4. — P. 18–27.
- 5 Стамбульские сказки / сост. Н. Тезель; пер. А.С. Сулейманова, А.В. Образцов; ред. А.С. Аврутина. — СПб.: Изд-во СПб. ун-та, 2023. — 272 с.
- 6 Шахажанова Г.К. С. Қаскабасов — фольклортанушы ғалым: филос. д-ры (PhD) дәрежесін ... дисс. Маманд.: 6D020500 – «Филология» (каз) / Г.К. Шахажанова. — Павлодар: Торайғыров университеті, 2023. — 154 б.
- 7 Неклюдов С.Ю. Типология и история в памятниках героического эпоса / С.Ю. Неклюдов // The Armenian Epic “Dare-devils of Sassoun” and the World Epic Heritage / Ed. S.B. Harutyunyan. — Yerevan: NAS Armenia, 2003. — С. 17–24.
- 8 Қаскабасов С. Жаназык. Әр жылдағы зерттеулер / С. Қаскабасов. — Астана: Аударма, 2002. — 584 б.
- 9 Қаскабасов С. Елзерде. Әр жылдағы зерттеулер / С. Қаскабасов. — Алматы: Жібек жолы, 2008. — 504 б.

- 10 Пропп В.Я. Фольклор и действительность / В.Я. Пропп. — М.: Наука, 2008. — 320 с.
- 11 Кенжебекова Г.А. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің берілу амалдары / Г.А. Кенжебекова, Е.Е. Түйте // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2025. — 30-т. — 3(119)-шығарылым. — 99–109-б.
- 12 Çakır R. The Impact of Turkish Cypriot Folktales on Middle School Students' Social Skills / R. Çakır, O. Pilli // Participatory Educational Research. — 2024. — Vol. 11, № 6. — P. 94–111. DOI: 10.17275/per.24.81.11.6
- 13 Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки / В.Я. Пропп; ред. И.В. Пешков. — М.: Лабиринт, 2000. — 336 с.
- 14 Қазақ ертегілері. — Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017. — 264 б.
- 15 Манас. Киргизский народный героический эпос / сост. Б.М. Юнусалиев. — М.: Наука, 1984. — Т. 1. — 350 с.
- 16 Салқынбай А.Б. Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» пен «жамандық» оппозициясы / А.Б. Салқынбай, Т.Б. Нұрбеков // Яссауи университетінің хабаршысы. — 2024. — № 1 (131). — 7–19-б.
- 17 Әуесбаева П.Т. Қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрылымы / П.Т. Әуесбаева // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2018. — № 3 (171). — 251–257-б.
- 18 Yıldırım A. Türk Masallarında Küçük Oğul Motifi / A. Yıldırım // Türk Kültürü İncelemeleri Dergisi. — 2015. — No. 32. — P. 75–88.
- 19 Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса / М.М. Бахтин. — М.: Художественная литература, 1990. — 545 с.
- 20 Нурбеков Т.Б. Қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі: филос. д-ры (PhD) дәрежесін ... дисс. Маманд: 8D02307 — Қазақ филологиясы / Т.Б. Нурбеков. — Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2025. — 154 б.

Г.М. Мужигова, Э.С. Сейсенбиева, П.Т. Ауесбаева, Н.Д. Кошанова

Художественная функция образа «младшего сына» в турецких народных сказках

Образ «младшего сына» в турецких народных сказках является одним из традиционных художественных образов, сформировавшихся с древнейших времен. В народных сказках и преданиях персонаж младшего сына внешне предстает слабым, простодушным, а иногда даже глуповатым, однако по мере развития сюжета благодаря своему уму, находчивости и смелости он одерживает победу в финале повествования. Его образ характеризуется как символическая фигура, воплощающая народный идеал справедливости, добра и осуществления заветной мечты. В статье художественная функция образа младшего сына раскрывается в нескольких аспектах. Во-первых, он выступает символом добра и справедливости в народном мировоззрении. Во-вторых, данный образ тесно связан с социальным статусом младшего сына как хранителя очага и наследника рода в традиционной структуре семьи. В-третьих, в мифопоэтическом плане он воплощает архетип «вечного юного спасителя-героя». Через этот образ народ выражает идею победы слабого над сильным и торжества справедливости над злом. Кроме того, младший сын олицетворяет народные чаяния, художественно демонстрируя возможность возвышения простого человека. В турецкой народной прозе данный образ выполняет также воспитательную функцию, пропагандируя национальные ценности — честность, гуманизм и справедливость. Таким образом, образ младшего сына является важным архетипическим персонажем в прозаической традиции тюркских народов. В статье анализ образа младшего сына в турецких народных сказках проводится на материале казахской фольклорной прозы. Учитывая, что литература любого народа берет начало в устном народном творчестве, особое место в системе словесного искусства занимает сказка, играющая значительную роль в воспитании подрастающего поколения. Общеизвестно, что тюркские народы обладают общим древним культурным наследием и единой цивилизационной основой. В исследовании рассматривается статус младшего сына как хозяина «черного очага» — хранителя рода и центра семейного единства. В статье анализируется место и прославление младшего сына в турецких народных сказках. В целом волшебные сказки как жанр неоднородны: в их составе встречаются архаические повествования, героические сказки, а также бытовые и авантюрные произведения. В ходе исследования применялись архетипический анализ, сравнительно-типологический метод и культурологический подход. Образ «младшего сына» в традиционной культуре тюркских народов тесно связан с его социальным статусом наследника рода и хранителя семейного очага. Данный мотив реализует в народном сознании идею победы слабого над сильным и утверждения справедливости. В статье доказывается, что образ младшего сына является не только литературным персонажем, но и культурно-социальным архетипом, отражающим духовную сущность народа.

Ключевые слова: миф, сказка, мифология, фольклор, фэнтези, младший сын, героический эпос, быт-обряд.

G.M. Muzhigova, E.S. Seisenbieva, P.T. Auyesbayeva, N.D. Koshanova

The Artistic Function of the “Youngest Son” Image in Turkish Folk Tales

The image of the “youngest son” in Turkish folk tales is one of the traditional artistic figures that has been formed since ancient times. In folk tales and legends, the youngest son often appears outwardly weak, simple, and sometimes even foolish; however, as the plot unfolds, he ultimately achieves victory through his intelligence, ingenuity, and courage. His character is portrayed as a symbolic figure embodying the people’s ideals of justice, goodness, and the realization of cherished aspirations. The article examines the artistic function of the youngest son from several perspectives. First, he serves as a symbol of goodness and justice within the folk worldview. Second, the image is closely connected with the social status of the youngest son as the heir and guardian of the family hearth in the traditional kinship structure. Third, from a mythopoetic perspective, he represents the archetype of the “eternally young savior-hero.” Through this figure, the people articulate the idea of the weak overcoming the strong and justice triumphing over evil. Moreover, the youngest son embodies collective aspirations, artistically demonstrating how an ordinary individual can attain great heights. In Turkish folk prose, this image also fulfills an educational function, promoting national values such as honesty, humanity, and justice. Thus, the youngest son constitutes an important archetypal figure within the prose tradition of the Turkic peoples. The article analyzes the image of the youngest son in Turkish folk tales drawing upon examples from Kazakh folklore prose. Considering that the literature of any nation originates from oral tradition, the fairy tale occupies a distinctive place in literary development, particularly due to its significant role in child upbringing. It is widely acknowledged that Turkic peoples share a common ancient cultural heritage and a unified civilizational foundation. The study explores the position of the youngest son as the heir and keeper of the ancestral hearth — the symbolic center of the family lineage. The article examines the status and glorification of the youngest son in Turkish folk tales. As a genre, wonder tales are not homogeneous; they include archaic narratives, heroic tales, as well as everyday life and adventurous stories. The research employs archetypal analysis, comparative-typological methods, and a cultural approach. The image of the “youngest son” in traditional Turkic culture is closely associated with his social role as the heir and guardian of the family hearth. This motif reflects the collective belief in the victory of the weak over the strong and the establishment of justice. The article demonstrates that the image of the youngest son is not merely a literary character but also a cultural and social archetype representing the spiritual identity of the people.

Keywords: myth, fairy tale, mythology, folklore, fantasy, youngest son, heroic epic, everyday ritual.

References

- 1 Ozturk, A., & Aigul, A. (2020). Kipr turik zhane uigyr turikterinin ertegilerin salystyru [Comparison of Cyprus Turkish and Uyghur Turkish fairy tales]. *Turik Khalyqtanu Zertteuleri zhurnaly — Journal of Turkish Folklore Studies*, (1), 130 [in Kazakh].
- 2 Yung, K.G. (2020). *Arkhetipy i kollektivnoe bessoznatelnoe* [Archetypes and the collective unconscious]. (A. Chechina, Trans.). Moscow: Kanon+ [in Russian].
- 3 Barag, L.G., Berezovskii, I.P., Kabashnikov, K.P., & Novikov, N.V. (1979). *Sravnitelnyi ukazatel siuzhetov: Vostochnoslavianskaia skazka* [Comparative index of plots: East Slavic fairy tale]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 4 Balabekova, K., Otarbekova, Zh., Shoibekova, G., Orazbay, S., & Ermers, R. (2022). Concepts in folktales — Manifestations of embodied worldviews. *XLinguae*, 15 (4), 18–27.
- 5 Tezel, N. (Comp.). (2023). *Stambulskie skazki* [Istanbul tales]. (A.S. Suleimanova & A.V. Obratsov, Trans.). Saint Petersburg: Izdatelstvo Sankt-Peterburgskogo universiteta [in Russian].
- 6 Shakhazhanova, G.K. (2023). S. Qasqabasov — folklortanushy galym [S. Kaskabasov — folklorist scientist]. *PhD thesis*. Pavlodar: Toraigyrov universiteti [in Kazakh].
- 7 Nekliudov, S.Yu. (2003). Tipologiya i istoriya v pamiatnikakh geroicheskogo eposa [Typology and history in the monuments of the heroic epic]. In S.B. Harutyunyan (Ed.). *The Armenian Epic “Dare-devils of Sassoun” and the World Epic Heritage* (pp. 17–24). Yerevan: NAS Armenia [in Russian].
- 8 Kasqabasov, S. (2002). *Zhanazyq. Ar zhyldagy zertteuler* [Zhanazyk. Research of different years]. Astana: Audarma [in Kazakh].
- 9 Kasqabasov, S. (2008). *Elzerde. Ar zhyldagy zertteuler* [Elzerde. Research of different years]. Almaty: Zhibek zholy [in Kazakh].
- 10 Propp, V.Ya. (2008). *Folklor i deistvitelnost* [Folklore and reality]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 11 Kenzhebekova, G.A., & Tuite, E.E. (2025). Qazaq ertegilerindegi bala beinesinin berilu amaldary [Methods of presenting the image of a child in Kazakh fairy tales]. *Qaragandy universitetinin Khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of the Karaganda University. Philology Series*, (3), 99–109 [in Kazakh].
- 12 Çakır, R., & Pilli, O. (2024). The Impact of Turkish Cypriot Folktales on Middle School Students’ Social Skills. *Participatory Educational Research*, 11 (6), 94–111. DOI: 10.17275/per.24.81.11.6

- 13 Propp, V.Ya. (2000). *Istoricheskie korni volshebnoi skazki* [Historical roots of the magic fairy tale]. (I.V. Peshkov, Ed.). Moscow: Labirint [in Russian].
- 14 (2017). *Qazaq ertegileri* [Kazakh fairy tales]. Almaty: Almatykitap baspasy [in Kazakh].
- 15 Yunusaliev, B.M. (Comp.). (1984). *Manas. Kirgizskii narodnyi geroicheskii epos* [Manas. Kyrgyz folk heroic epic]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 16 Salkynbai, A.B., & Nurbekov, T.B. (2024). Qazaq ertegilerindegi «zhaqsylyq» pen «zhamandyq» oppozitsiiasy [Opposition of “Good” and “Evil” in Kazakh fairy tales]. *Yassau universitetinin Khabarshysy — Bulletin of the Yasawi University*, (1), 7–19 [in Kazakh].
- 17 Auesbayeva, P.T. (2018). Qiial-gazhaiyp ertegilerinin siuzhettik qurylymy [The Plot structure of fairy tales]. *Qazaq Ulttyq Universitetinin Khabarshysy. Filologia seriasy — Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, (3), 251–257 [in Kazakh].
- 18 Yıldırım, A. (2015). Türk Masallarında Küçük Oğul Motifi [The motif of the youngest son in Turkish fairy tales]. *Türk Kültürü İncelemeleri Dergisi — Journal of Turkish Cultural Studies*, (32), 75–88 [in Turkish].
- 19 Bakhtin, M.M. (1990). *Tvorchestvo Fransua Rable i narodnaia kultura srednevekovia i Renessansa* [Rabelais and his world]. M.: Khudozhestvennaia literatura [in Russian].
- 20 Nurbekov, T.B. (2025). Qazaq ertegilerindegi alemin tildik beinesi [Linguistic picture of the world in Kazakh fairy tales]. *PhD thesis*. Almaty: Al-Farabi atyndagy Qazaq Ulttyq Universiteti [in Kazakh].

Information about the authors

Muzhigova, Gulnazira Mauletkhanovna — Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: nazira_m_86@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6228-7495>

Seisenbiyeva, Eleonora Sarsenalievna (corresponding author) — PhD, Senior Lecturer, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: elka1975@inbox.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>

Auyesbayeva, Pakizat Tenizbaykyzy — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Leading researcher at the Scientific and Innovation Center “Manuscript and Textology” of the M. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ksaryarka@inbox.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7716-9715>

Koshanova, Nagima Danabekovna — PhD, Associate Professor of the Department of Kazakh Philology, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yasawi, Turkestan, Kazakhstan. E-mail: nagima.koshanova@ayu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5408-8779>